

Қарақия



№40 (1273) 2 қазан 2025 жыл

ГАЗЕТ ӘР АПТАНЫҢ БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

газет 1985 жылдың
1 шілдесінен шыға бастады

■ ЮНЕСКО

ТАРИХИ МҰРАЛАР ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ АУМАҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ШОПАН АТА ЖӘНЕ БЕКЕТ АТА МЕШІТТЕРІ – ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЗОР, ЕРЕКШЕ КИЕЛІ ОРЫНДАР. ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА БҰЛ НЫСАНДАРДЫ ЮНЕСКО-НЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ КҮН ТӘРТІБІНЕ ҚОЙЫЛЫП ОТЫР.

Бұл туралы 22 қыркүйек күні облыс әкімі Нұрдаулет Қылыбайдың төрағалығымен «Маңғыстау түбегінің жартас мешіттері» ескерткіштерін ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу бойынша ИКОМОС техникалық бағалау миссиясының өкілдерімен өткен кездесуде де айтылды. Аталған жұмыс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес ұлттық мәдени мұраны сақтау және әлемдік деңгейде таныту мақсатында

жүзеге асырылып жатыр. Нысандарды ЮНЕСКО тізіміне ұсыну — оларды халықаралық деңгейде қорғау, зерттеу және болашақ ұрпаққа сақтау бағытындағы маңызды қадам. Бұл бастама Маңғыстау өңірінің тарихи туризмін дамытуға да үлкен серпін бермек.

Шопан ата және Бекет ата мешіттері Х–ХІХ ғасырлар аралығында салынған сәулет өнерінің бірегей үлгілері саналады. Олардың тарихи, мәдени және рухани маңыздылығын Қазақстан ғана емес, бүкіл түркі әлемі мойындауда.

■ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ЖИЫРМА ТОННА ҚОҚЫС ЖИНАДЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНА МЕН ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА “ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ҚАРАҚИЯ АУДАНЫНДА ЖАЛПЫАУДАНДЫҚ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Іс-шараға аудан аумағындағы барлық ауылдар белсене атсалысып, мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар мен жергілікті тұрғындар бірігіп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Сенбілік барысында көшелер, кәсіпкерлік нысандардың айналасы, саябақтар



мен өзге де қоғамдық орындар қоқыстан тазартылды. Сенбілікке 2 100 адам қатысып, 20 тонна тұрмыстық қалдық шығарылды. Сондай-ақ 3 механикалық жүк тиегіш (мехлопата), 6 жүк көлігі (самосвал), 4 жүк тиегіш (погрузчик) жұмылдырылды. Аудымды іс-шара аудан тұрғындарының белсенді азаматтық ұстанымын және қоршаған ортаны

қорғауға деген жауапкершілігін көрсетті. Мұндай сенбіліктер экологиялық ахуалды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар тұрғындар арасындағы бірлік пен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Қарақия ауданы әкімдігі алдағы уақытта да тазалық пен қоршаған ортаны қорғау бағытында жүйелі жұмыстар жалғасатынын атап өтті. Сондай-ақ бұл игі істер

Құланды және Құрық ауылдарында да жүзеге асты. 27-28 қыркүйек күндері Құланды ауылындағы сенбілікте арнайы техникалардың көмегімен жауын-шашын салдарынан пайда болған жыралар күм төгілу арқылы тегістеліп, жолдар қалпына келтірілді. Сонымен қатар, ауыл маңында жиналып қалған қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылып, елді мекеннің санитарлық жағдайы жақсартылды. Ал Құрық ауылында орналасқан барлық мекеме қызметкерлерімен қоса, ауыл кәсіпкерлері де өздеріне тиесілі ғимараттарының алдына және бөлінген аумақты тазалауға барлығы белсенді түрде атсалысып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Ауылдағы сенбілікке 120-дан аса адам қатысып, 3 арнайы техника жұмылдырылды.

■ ИНВЕСТИЦИЯ

ҰРЛЫҚСЫЗ ҰЖЫМ – ҚЫЛМЫССЫЗ ҚОҒАМ

АУДАН АУМАҒЫНДА БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ҰРЛАУ ДЕРЕКТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ МАҚСАТЫНДА КЕШЕНДІ ІС-ШАРАЛАР ЖҮРІП ЖАТЫР. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ МЕН ӘКІМДІК БІРЛЕСІП ҰРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТТІ.

Аудандық полиция бөлімі ұсынған мәліметке сәйкес 2025 жылдың ағымдағы кезеңінде тіркелген ұрлық фактілері бойынша жедел тергеу амалдары жүргізіліп, бірқатар қылмыстардың беті ашылған.



Қылмыстың алдын алу бағытында құқық қорғау органдары профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, халықпен тығыз байланыста түсіндіру шараларын жүргізуде. Сонымен қатар, бейнебақылау жүйелерін көбейту, қоғамдық тәртіпті қадағалау және тұрғындардың мүлкін қорғау бойынша жұмыстар жалғасуда. Аудан әкімдігі мен полиция бөлімі ұрлыққа қарсы күресте тұрғындарды сергек болуға, жеке мүлктің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және күдік тудыратын жағдайлар туралы жедел хабар беруге шақырады.

■ МАУСЫМДЫҚ НАУҚАН

КӨШЕ ЖАРЫҒЫ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

АУДАН ӘКІМІ СЫМБАТ ТӨРЕТАЕВ, ӨТКЕН АПТАДА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ЖЕТІБАЙ АУЫЛЫНА БАРЫП, КӨШПЕЛІ КЕҢЕС ӨТКІЗГЕН БОЛАТЫН.

Жетібай ауылындағы бірқатар инфрақұрылымдық және абаттандыру жобаларының жүзеге асу барысымен танысып, бақылап жүргенде тосыннан «Төлендиев», «Жаңақұрылыс» көшелерінің тұрғындары, көше бойы түнгі мезгілде қараңғы екенін айтып, жарық шамдарын орнатып беруді сұрады.

Аудан басшысы тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдап, тиісті сала басшыларына тапсырма беріп, тез арада шешімін табуды тапсырды.

Нәтижесінде қажетті көшелердің бойына жарық шамдары орнатылды.



ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

2025 ЖЫЛДЫҢ 28 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ МҰНАЙШЫ АУЫЛЫ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТТІ.

Қарақия ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Мұнайшы ауылының әкімін сайлау нәтижесі туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындысын белгіледі:

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Мұнайшы ауылы

бойынша сайлаушылар тізіміне 2742 сайлаушы енгізілді, олардың 1568-і дауыс беруге қатысты. Жарамсыз бюллетеньдер саны – 11, «Бәріне қарсымын» белгісі бар бюллетеньдер саны – 61.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Айтбаев Қоныс Есбосынұлы - 368, Әділбаев Ермұрат Ержігітұлы - 895, Тимурұлы Ахмет - 233.

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Мұнайшы ауылының әкімі болып Әділбаев Ермұрат Ержігітұлы сайланды, 1991 жылы туған, «Мұнайшы ауылы әкімінің аппараты» ММ, статист. Ақтау қаласының тұрғыны. Өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

Қарақия ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес Қарақия ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы «1» қазандағы шешімінің негізінде, Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Мұнайшы ауылының әкімі болып сайланған Әділбаев Ермұрат Ержігітұлын тіркеді.

Әділбаев Ермұрат Ержігітұлы, 1991 жылы туған, «Мұнайшы ауылы әкімінің аппараты» ММ, статист. Ақтау қаласының тұрғыны.

А. МЕЕРОВ

Қарақия ауданы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы



ӨАКЕТАНУ

КЕЛУШІЛЕР САНЫ АРТУДА

ҚАРАҚИЯ АУДАНДЫҚ ТАРИХИ-
ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ӘР АЙ САЙ-
ЫН МУЗЕЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІН
ҚАМТЫҒАН ТАҚЫРЫПТЫҚ
ЭКСКУРСИЯЛАРМЕН ҚАТАР
МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАРДЫ ДА ӨЗ
ДЕНГЕЙІНДЕ ӨТКІЗІП КЕЛЕДІ.

Назарларыңызға қыркүйекайында атқарылған біршама жоспарлы шаралардың қорытындысын ұсынуды жөн көрдік. «Маңғыстау облысында жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шара жоспарын» орындау мақсатында аудандық төтенше жағдай бөлімі қызметкерлері музейде аудан тарихымен танысып, экспозициялық залдарынан арнайы экскурсия тыңдады.



5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл – тарихыңның тұғыры» атты іс-шара ұйымдастырылып, шараға неміс ұлтының өкілі, қазақтың келіні, көп балалы ана Жанна Иогансқызы қонаққа шақырылып, Қарақия аудандық Қазақ тілі қоғамының төрайымы Шынар Кендінқызы мен музей маманы Бибінұр Махамбетова тіл тақырыбында баяндама оқыды. Сонымен қоса, Құрық ауылындағы №2-орыс мектебін бітіргендеріне 44 жыл болған сыныптастардың ұйымдастыруымен музейде іс-шара өтіп, олар Ресей мен Украина және Америкада тұратын жерлес сыныптастарымен кездесті. Туып-өскен жерлеріне асыға жеткен ауылдас, сыныптастар елге деген шынайы сағыныштарын жеткізіп,

аудан тарихымен танысты. Бұл айда «Мұнай-газ саласы қызметкерлері» күні мерекесіне орай «Қара жердің қаймағы» атты сұхбат-кездесу ұйымдастырылып, «Қаражанбас» кен орнының мұнайшысы Ақлима Даркамбаева қонаққа келіп, мұнай саласы жұмысының қыр-сырымен бөлісіп және әйел адамға тән қиындықтарын айтып, мұнайшылардың қызметі туралы мәліметтермен бөлісті. Биылғы жыл Жеңістің 80 жылдығы тойланып өтті.

Осыған орай, жыл бойы өңірден соғысқа аттанған ардагерлер есімін ұлықтау мақсатында “Ер есімі – ел есінде” атты жалпы республикалық музейлік акция жыл соңына дейін жалғассын деген тапсырмаға сай, Отан соғысының ардагерлері Ұйқасбай Аязбаев пен Зердебай Бекарыстанов туралы ақпараттар жарияланып, келушілерге

олар туралы тақырыптық экскурсия жасалды. Отбасы күні мерекесіне орай «Отбасы – сенің шағын мемлекетің» тақырыбында ұйымдастырылған шараға «Мерейлі отбасы -2022» республикалық байқауының дипломанты Бекниязов Ержан Сақтапұлының қатысуымен Қарақия кәсіптік колледж студенттері арасында отбасы құндылығын қалыптастыру мақсатында кездесу өтті. Сонымен қоса, аудандағы жас сайлаушылар клубының мүшелері музейде аудан тарихымен танысып, экспозициялық залдарын аралады. Қыркүйек айында музейге келушілер саны жүздеген адамға жетті.

Бибінұр МАХАМБЕТОВА,
музей маманы.



САҚТЫҚ

УЛЫ ГАЗ – КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ҚАУІП


Қазіргі таңда ауадағы қауіп тек шаң мен түтін ғана емес. Көзге көрінбейтін, иіссіз, бірақ өмірімізге аса қауіпті нәрсе – ол улы газ. Көпшілігіміз улы газ туралы тек бір нәрсе өртенгенде немесе пештен түтін шыққанда ғана ойлаймыз. Алайда, бұл жайт күнделікті өмірімізде жиі кездеседі. Мысалы көміртек тотығы – иіссіз әрі түссіз газ. Ол дұрыс жанбаған отыннан бөлінеді. Пешті дұрыс жақпадық па, көлікті гаражда ұзақ оталдырып қойдық па – осының бәрі улы газдың көзі. Ең қауіптісі – бұл газ адамның ағзасына тез тарайды. Тыныс алғанда өкпе арқылы қанға өтіп, оттегінің орнын басады. Нәтижесінде адам түншығып, тіпті есінен танып қалуы мүмкін. Жыл сайын Қазақстанда осындай адам осы газдан ұланып, қауіпті жағдайға душар болуда. Улы

газ тек үй ішінен емес, сырттан да келуі мүмкін. Автокөліктерден бөлінетін түтін, зауыттардың мұржаларынан шыққан химиялық қалдықтар – барлығы ауа құрамын уландырып жатыр. Біз мұны байқамаймыз, бірақ дем алған сайын денсаулығымызға зиян келеді. Түншықтырғыш газбен уланудың алдын алу:

1. Ең алдымен есік-терезелерді ашып бөлмелерді желдетіп алыңыз.
2. Автокөліктеріңіздегі пешті қосып, ұзақ күйде отырмаңыз.
3. Пештер мен каминдерді қағидаларға сәйкес қолданыңыз. Желдету жүйесінің жұмысына жүйелі түрде тексеру жүргізіп, құбырларды уақытылы тазалаңыз, пештер мен каминдерді қалауда тек кәсіпқой мамандарға жүтінізіз.

Бүгінгі таңда әр адамның экологияға деген жауапкершілігі – болашақтың амандығы. Себебі улы газ тек адамға емес табиғатқа да орасан зиян келтіреді. Сондықтан тынысымыздың тазалығы өз қолымызда. Улы газбен күресу – жай ғана қауіпсіздік емес, бұл – өмірді сақтау. Сондықтан құрметті аудан тұрғындары! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда ғана өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірін тілсіз жаудан құтқарып қалуға мүмкіндіктеріңіз болатынын ұмытпаңыз. Өрт шыққан жағдайда «101» немесе «104» нөмерлерін теріп, сіздерге қажетті қызмет түрлерін шақырыңыз.

Алижан НҮРЛАНҰЛЫ,
аудандық Төтенше жағдайлар
бөлімінің бас маманы.




ТОҚ ӘСЕРІНЕН БОЛАТЫН ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ

Электр желісі бұзыла қалған жағдайда, кәсіби біліміңіз болмаса, оны өзіңіз жөндеу - өте қауіпті. Сондықтан, үйдегі электр желілеріне салмақ түсіретіндей 2-3 электр құралдарын бір мезетте электр қуатына қоспау керек.

Өртке келгенде баланың да шалалығы бар. Қолына сіріңке ұстап ойнаған жас өспірімдердің абайсыздығынан болған өрт оқиғалары да аз емес.

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.


Өрттерді сөндірудің негізгі құралдары: Су – өртті сөндірудің негізгі құралы. Су электр өткізгіш, сондықтан оны тоқта тұрған жүйелер мен жабдықтарды сөндіруге пайдалануға болмайды. Электр сымдарына су тигеннен қысқа тұйықталу болуы мүмкін. Құм – өрттің шағын ошақтарын сөндіру құралдарының ең қарапайымы болып табылады. Оның отты сөндірудегі әрекеті – ол жанғыш затты салқындатады. Химиялық көбіктің құндылығы оның төзімділігінде, тұтқырлығында, жеңілдігінде болып табылады, ол жанған затты толығымен тығыз жабады және оған ауа жібермейді. Көмір қышқылды өрт сөндіргіштер химиялықтармен қатар айтарлықтай таралған. Олар химиялық зертханаларда, кітапханаларда, мұражайларда және басқа да



жайларда кеңінен қолданылады. Бұл өрт сөндіргішті қуаттандыру үшін үлкен қысымда тұрған сұйытылған көмір қышқылы (көміртек диоксиді) қолданылады. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу барысында баллонды көлденең бұруға болмайды, өйткені бұл кезде сифонды құбыр арқылы көмір қышқылдың шығуы бұзылады. Қазіргі уақытта құрғақ ұнтақтармен толтырылған ұнтақты өрт сөндіргіштер көп таралған, олар өрт аумағына түсіп, отты сөндіретін зат бөледі. Ұнтақты өрт сөндіргіштер тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың, газдардың, ағаш өнімдерінің, тоқ қысымында тұрған электр сымдардың, сілтілі металдар мен өздігінен жану қасиеті бар басқа да заттардың жануын сөндіру үшін қолданылады.

Н. Қайратов,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

АВТОКӨЛІКТЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Өрт-тілсіз жау. Ол айтып келмейді. Кешіксең, кешірмейді. Сәл тосылсаң әп-сәтте-ақ айналасын жалмап алады. Сондықтан ондай жаумен күресу үшін төрт қаруың түгел, сақадай сай болуың қажет. Ал бүгінгі таңда автокөліктерде өрт қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздік ережелері сақталмай отыр. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі.

Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электр сымдарының шағылысуынан пайда болады. Өзге санақ бойынша көлік ішіндегі шылым шегу соңғы орынды иеленбейді. Ақтау қаласы төтенше жағдайлар басқармасы көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады.

Құрметті автокөлік иелері:

- Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;
- Автокөліктің электр сымдарына аса назар аударыңыз;
- Өзіңізбен бірге көлікте әрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз;
- Практика көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір

қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді;

Егер сіздің автокөлігіңізде өрт пайда болған жағдайда:

- сол сәтте көлікті тоқтатып, өрт сөндіргіш құралын алып, капотқа жақындатып шапшыңыз;
- Тәжірибеде 90% «тілсіз жау» электр тізбектерінің бұзылуынан болады.
- Егер өрт сөндіргіш құралыңыз тиімді болмаса, әрі қарай құм мен топырақты пайдаланыңыз.
- Жанып жатқан кезде мүмкіндігінше есік терезені ашық қалдырмаңыз. Көліктің есігін мықтап жаппасаңыз, өрт шарықтап кетуі мүмкін.
- Жанармай төгілген жағдайда, лапылдап жанып кетпес үшін оны су мен көбік немесе топырақ сеуіп тастау керек;
- Егер көлігіңізден өрт шықса, аккумулятордың клемасын ажыратып тастаңыз.

Өрт шыққан жағдайда дереу 101, 112 нөмірлеріне қоңырау шалыңыз!

Нұрлыбек ҚАЙРАТУЛЫ,
Ақтау қаласы Төтенше жағдайлар
басқармасының аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты

ЖАДЫМДА ТҰРАР ЖАҢҒЫРЫП...

Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына тура 80 жыл толып отыр. Осыған орай қыркүйек айында Бейжің қаласында Ұлы Жеңіске арналған салтанатты әскери парад өтті. Оған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Бұған дейін Мемлекет басшысы мен қазақстандық әскери қызметшілер Мәскеудегі Жеңіс парадына қатысқан болатын.

Бұл шаралардың негізгі мақсаты – аға буынның ерлігіне терең құрмет білдіру және болашаққа сондай қасиретті қайталамауға ұмтылу.

1945 жылы Қытайды жапон басқыншыларынан азат етуге қазақстандық сарбаздар да белсенді қатысты, олар Жеңіс жолында жанын пидаетті. ҚХР-дың Чжанбэй уезінде қаза тапқан батырларға арналған ескерткіш орнатылған, онда біздің отандастарымыз — Аселжан Бербеков, Ауезхан Жапаров, Төлепбек Өтебаев және басқа да жауынгерлердің есімдері мәңгілікке жазылған. Біз олардың Қазақстанда тұратын туыстарын таптық. Олардың көпшілігі бұрын ата-бабаларының қайда жерленгенін де білмеген. Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хан Чуньлин мырзамен кездесу кезінде біз қаза тапқандардың ұрпақтары тұған жердің бір ұыс топырағын апарып, ата-бабаларының қабірлеріне зиярат етуді армандайтынын айттық.

Әртүрлі деректер бойынша, соғыс жылдарында Қазақстаннан майданға 1,5 миллионға жуық адам аттанған. Олардың 600 мыңнан астамы қаза тапты, 271 мыңнан астамы хабар-

ошарсыз кеткен.

Осыған байланысты, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлердің жерленген орындарын іздеумен айналысатын «Atamnyn Amanatu» қоғамдық бірлестігінің қызметі ерекше назар аударуға лайық.

Атқарылған істер:

- Осы уақыт ішінде ұйымның сайты арқылы 10 000-нан астам іздеу өтініші түсті;
- 4500-ден астам қазақстандық жауынгердің тұлғасы мен жерленген жері анықталды;
- 21 жауынгердің сүйегі отанына қайтарылып, әскери құрметпен жерленді.

«Atamnyn Amanatu»-дың басты бағыттарының бірі — халықаралық ынтымақтастық. 100-ден астам келісімшарт жасалып, сәтті жүзеге асырылуда. ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ТМД және Еуропа елдерінің аумағында жерленген қазақстандық жауынгерлердің дерекқоры жинақталды. Онда шамамен 28 000 есім бар. Бүгінгі таңда олардың туыстарын Қазақстанда табу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. «Atamnyn Amanatu» қоғамдық бірлестігі жыл сайын «Ортақ тарих. Ортақ жеңіс. Ортақ көзқарас» атты халықаралық конференция ұйымдастырады. Бұл форум ТМД елдерінің үкіметтік емес ұйымдары мен іздеуші ұйымдары үшін маңызды диалог алаңына айналды.

Форумның мақсаты – мұрағаттық және далалық іздеу жұмыстарының әдістемесін талқылау, тәжірибе алмасу, жауынгерлердің сүйектерін Отанға қайтару мен есімдерін мәңгі есте

қалдырудың ортақ тәсілдерін әзірлеу.

Біз «Ресейдің Іздестіру қозғалысы» және «ЖеңісВолонтерлері» ұйымдарының тұрақты серіктесіміз. «Atamnyn Amanatu» құрамынан құралған біріккен іздеуші жасағы жыл сайын Ресейдің Калуга облысындағы «Батыс майданы. Варшава тас жолы» атты халықаралық әскери-тарихи экспедицияға қатысады. Жасақ құрамында ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық мектептерінің оқытушылары мен курсанттары бар.

Экспедиция барысында 1941 жылдың тамызында Ақмолада құрылған 387-атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне арналған мемориалдық тақта орнатылды. Бұл дивизия ауыр шығынға ұшыраған: 12 мың жауынгерден 1942 жылдың тамызында тек 800-і ғана сапта қалған. Жергілікті билік деректеріне сәйкес Калуга облысы аумағында бес қазақстандық дивизия соғысқан екен. Біз далалық жұмыстарды жалғастыру үшін әкімдікпен келісімге келдік.



ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

«Atamnyn Amanatu» жастарды патриоттық бастамаларға белсенді тартып келеді: дөңгелек үстелдер, викториналар, квесттер, спорттық турнирлер және естелік акциялар ұйымдастырылады. 2019 жылдан бері екі миллионнан астам жас біздің іс-шараларға қатысты, олар туралы БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланып келеді.

Біз Астана қаласының 33 колледжімен меморандумға қол қойдық. «Аталар аманатына адалмыз» акциясы аясында әр оқу орны Қазақстанда құрылған әскери бөлімдердің тарихын зерттеу бойынша ғылыми жұмыс жүргізді.

2023 жылдың 19 тамызында Елорданың Триатлон паркінде Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, шабуылдаушы ұшқыш Талғат Бигелдиновтің 101 жылдығына арналған алғашқы

жыл сайынғы жүгіру жарысы өтті. Оған 1000-нан астам адам – әскери қызметшілер, ардагерлер, спортшылар мен еріктілер қатысты. Жүгіру жарысы Қазақстанда да, шетелде де қолдау тапты.

Біз әрбір іс-шара өткен тарихты баяндап қана қоймай, жастарды жеке үлгімен шабыттандырғанын қалаймыз. Қарулы күштердің ардагерлері жастармен бірге жарыстарға қатысып, естеліктер эстафетасын табыстауда.

Мысалы, 2023 жылдың қараша айында Астана колледждері арасында Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С. Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына арналған волейбол турнирі өтті. Әр команда Отан соғысының қазақстандық Батырларының есімімен аталды.



ІЗДЕСТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢА ЖОБАЛАР

Біз еріктілеріміз бен іздеушілеріміздің жанкешті жұмысына ерекше мақтанамыз. Олар ақсыз негізде қазба жұмыстары мен мұрағаттық зерттеулер жүргізеді. Олардың ең үлкен марапаты — ондаған жылдан кейін ата-бабаларының мәңгілік тыныштық тапқан жерін тапқан туыстарының алғыс жасы. Қазіргі уақытта «Atamnyn Amanatu» келесі жобалармен айналысуда:

1. Қазақстаннан шақырылған солдаттар мен офицерлер туралы электронды

дерекқор — ұлттық жады платформасын құру;

2. «Батыс Қазақстан — Сталинград шайқасының алғы шебі» атты халықаралық экспедиция — жауынгерлердің сүйектерін қазып алу, есімдерін қалпына келтіру, мемориалдар салу;

3. Қазақстандағы эвакогоспитальдардың тарихын зерттеу, госпитальдық жерлеу орындарына естелік тақталар орнату;

4. Еуропада қаза тапқан қазақстан-

дықтарды іздеу. Қазіргі күнге дейін 2,2 миллионнан астам Қызыл Армия жауынгері, соның ішінде қазақстандықтар да белгісіз болып есептеледі.

Біздің миссия — тарихи жадыны сақтау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және жастарды батырлар ерлігі негізінде тәрбиелеу.

Мұрат МОЛДАҒАЛИЕВ,
«Atamnyn Amanatu» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

БРУЦЕЛЛЕЗ – АСА ҚАУІПТІ ЗООНОЗДАР ТОБЫНА КІРЕТІН КЕҢ ТАРАЛҒАН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ БІРІ. СОЛ СЕБЕПТІ БРУЦЕЛЛЕЗДІ ЖҰҚТЫРУ КӨЗІ - ЖАНУАРЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНАН САҚтану ЖОЛДАРЫ

Адамдарға инфекция негізінен сиырлардан, ешкілерден, қойлардан жұғады. Яғни, инфекция жануарлардан адамға байланыс арқылы немесе ет, сүт және сүт өнімдерін пайдалану арқылы беріледі. Ауру жұқтырған жануардың жүнімен, қоқысымен, азығымен және суымен әрекеттескенде жұғады. Сол себепті мал шаруашылығымен айналысатын (сауыншылар, бақташылар, мал дәрігерлері, зоотехниктер) және мал өнімдерін өңдеумен айналысатын адамдар арасында бруцеллез ауруын жұқтырып алу қаупі жоғары.

Алайда, инфекция адамнан адамға берілмейді. Аурудың бастапқы кезеңінде бруцеллезге тән белгілер:

- Жалпы инфекциялық интоксикация - әлсіздік, дімкәстік, бас ауруы, ұйқысыздық;
- Гипертермия немесе қызба – дене температурасының 38 °C-қа дейін күрт көтеріліп, төмен түсіп кетуі. Қызба ұзақтығы бірнеше айға дейін созылады, ол қалтыраумен және қатты терлеумен бірге жүреді.



Дене қызуының жоғарылауы көбінесе кешкілік мерзімде, түнге қарай байқалады;

- Артрит және миалгия – буын мен бұлшық еттердің ауыруы, аяқтың қақсауы;
- Бруцеллездің асқынуы сарып ауруына әкеліп соғады, яғни адамның жүйке жүйесі және тірек-қимыл аппараты зақымданады.

Бруцеллез қоздырғыштары малдың тезегінде, зәрінде, ластанған суда қырық күнге дейін өлмей өмір сүреді және суыққа төзімді келеді. Мысалы, мұзға, қарға түскен бруцеллалар бір-екі айға дейін шыдайды. 5-6 градустық суық бруцелланы тек 35 күннен кейін, ал 20 градустық аяз 20 күннен кейін ғана өлтіреді. Бруцеллезбен ауырған малдың тұздалған етінде бір, бір жарым айға дейін өлмейді. Бруцеллалар жер қыртысында, көңде, қида немесе тезекте 3-4 ай өмір сүретіні анықталған. Бруцелланың әлсіз жақтары да баршылық, әсіресе қатты ыстықтан қорқады. Күннің тура түскен сәулесінен, қайнатқаннан тез өледі. Мысалы, суды 50 градуска дейін қайнатқанда микробтар 1 сағатта, ал 70 градуста 10-15 минутта өледі, ал өлген қайнаған суда олар бірден қырылады. Тамақ арқылы асқанға барғанда бруцеллез қоздырғыштары асқазан сөлінің әсерінен қырылып қалады. Сондай-ақ улы дезинфекциялық ертіңділердің әсерінен бруцеллалар бірден жойылады.

Бруцеллез ауруының алдын алу жолдары :

- ет және сүт өнімдерін қатаң белгіленген орындардан алу (базарлар, дүкендер, үлкен сауда нүктелері). Сондай-ақ мал қожайыны малдағы іш тастаудың, төлдің өлі туылуының әрбір жағдайын мал дәрігерлеріне хабардар етуге міндетті.
- шаруашылық жүргізуші субъекті жұмыскерлері және мал шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін өңдеу және тасымалдауға қатысатын жұмыскерлер жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексеруден өту;
- етті бөлшектеу және олардан алынатын шикізатты қайта өңдеу кезінде қолының буынында тіліктер, жара және терінің зақымдары бар адамдар терінің зақымдалған учаскесін алдын ала өңдегеннен кейін резеңке қолғап кию керек;
- балаларды бруцеллезге тексерілмеген малдарға күтім жасауына, олардың төлдерімен ойнауына жол бермеу;
- мал күтіміне кіріспес бұрын, арнайы киім кию;
- бұл киімдермен тұрғын үйге кірмеу;
- жұмысты аяқтағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;
- ауру мал тұрған қораларда тамақ ішпеу, темекі шекпеу;
- мал дәрігерінің алдын-ала қарауынсыз малды союға жол бермеу;
- малды союды аулада емес, мал сою пункттерінде жүргізу;
- жеке адамдардан мал сатып алғанда мал дәрігерінің рұқсат қағазын талап ету.

Ауырып ем іздегенше, жоғарыда айтылған қарапайым ережелерді ұстанып аурудың алдын алайық.

А. ЛЕПЕСОВА,
аудандық санитарлық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.





ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

2013 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚЫРКҮЙЕКТІҢ ӘРБЫР ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ ЕЛІМІЗ КӨЛЕМІНДЕ ОТБАСЫ КҮНІ МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНАДЫ. ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ, ХАЛЫҚ АРАСЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ТӘРБИЕНІҢ НЫҒАЮЫНА, ОТБАСЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА, СОНЫМЕН ҚОСА ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІНДЕ ӨТЕДІ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕРЕЙІ

Аталмыш мереке қарсаңында Қарақия аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Отбасы сенің шағын мемлекетің» тақырыбында, аудандық ардагерлер кеңесі және қоғамдық кеңестің төрағасы, Қарақия ауданының «Құрметті азаматы» 2022 жылғы «Мерейлі отбасы» Республикалық байқаудың дипломанты, Бекниязов Ержан Сақтапұлының қатысуымен колледж студенттері арасында отбасы құндылығын қалыптастыру мақсатындағы ауқымды кездесу өтті. Бегниязов Ержан Сақтапұлы 1953 жылы Гүрьев (қазіргі Атырау) қаласында дүниеге келген. 1961 жылы Маңғыстау ауданы Таушық селосында бірінші сыныпқа барып, 1969 жылы Ералиев поселкесіндегі № 4 орта мектептің 8 классын бітірірген. Орта мектепті тәмамдағасын Гүрьев қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, 1974 жылдың наурыз айында бітіріп, ветеринар-фельдшер мамандығының иесі атанады. Ержан Сақтапұлы өз еңбек жолын 1974 жылдың наурызынан 1981 жылға дейін Ералиев аудандық мал дәрігерлік станциясының қарамағындағы Ералиев поселкесі, ветеринарлық участогының фельдшері, меңгерушісі болып бастаған.

- 1981-1982 жылы аралығында Ералиев аудандық Совет атқару комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болды. Осы қызметін жасай жүріп, 1981-1986 жылы аралығында Гүрьев пединститутының «биолог» мамандығы бойынша білім алады.

- 1982 жылдың желтоқсан айында Ералиев аудандық ауылшаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының төрағасы болып,

- 1993 жылы сәуір айында Қарақия аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары қызметіне дейін көтерілді.

- 1994 жылдың қараша айынан 2010 жылдың қазан айына дейін Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін,

- Ал, 2010 жылдың қазан айынан Қарақия аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімнің басшысы қызметін атқарды. Ол 1999 жылы наурыз айында «Нұр Отан» партиясының мүшелігіне қабылдана,

- 2000 жылдың мамырынан 2008 жылдың желтоқсанына дейін Қарақия «Нұр Отан» ХДП филиал төрағасының бірінші орынбасары қызметін өз жұмысымен бірге қоғамдық негізде атқарды. Үздіксіз атқарған адал еңбегінің нәтижесінде «Қазақстан Республикасының

Тәуелсіздігіне 10 және 20 жыл мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл мерекелік медальмен,

- «Нұр Отан» төс белгісі медалімен,

- «Маңғыстау облысына 35 және 40 жыл» төс белгісімен, ҚР Президентінің 2016 жылдың 05 желтоқсандағы жарлығына сай «Ерен еңбегі үшін» медалімен,

- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрінің «Құрмет Грамотасымен»,

- Маңғыстау облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен»

- «Нұр Отан партиясының құрылғынына – 15 жыл» мерекесіне орай Құрмет Грамотасымен сондай-ақ, Маңғыстау облысы және Қарақия аудан әкімдерінің бірнеше рет алғыс хаттарымен марапатталған.

Ержан Сақтапұлы 1976 жылы қыркүйек айында жолдасы Ахметова Риза Сұлтанқызымен отау құрды. Жары Риза Сұлтанқызы Гүрьев (Атырау) облысы, Доссор поселкісінде 1953 жылы 03 сәуірде дүниеге келген. Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр ауылында 10 жылдық мектепті бітіргесін, Қызылорда қаласындағы ауылшаруашылығы техникумына түсіп, 1974 жылы «ветеринар-фельдшер» мамандығын алып шыққан. Оқуын бітірген бойда арнайы жолдамамен Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе поселкесіндегі аудандық ветстанция мекемесіне «фельдшер» болып алғашқы жұмысын бастады. Ерекеңмен отау құрған күннен бүгінге дейін отбасында ұл-қыз өсіріп, жолдасымен бірге отбасылық құндылықты адал атқарған жандардың бірі. Риза Сұлтанқызы отбасы тіршілігін жасай жүріп Қарақия аудандық «Ветстанция» мекемесінде «ветеринарний фельдшер» мамандығы бойынша үздіксіз қызмет жасап зейнет демалысына шықты. Өмірден өз жолдарын түйістірген қос ардагер екеуі де еңбектің сүрлеу жолынан өткен нағыз мамандар. Кездесу барысында Ержан Сақтапұлы отбасы тәрбиесі мен оны қалыптастыру және адамзаттың өмір сүру мәдениеті төңірегінде өз басынан өткен өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, жастарға отау құруда қателіктерге бой алдырмау, үлгілі жанұя болу, ол үшін әркез ата-ананың ақылын тыңдау сияқты т.б ағалық ақыл кеңесін берді.

Нұртай ҚОНАЙҰЛЫ,
музей меңгерушісі.



ҚОЛӨНЕР

ҰЛЫ ДАЛА ҰСТАЗЫ

Қазақ «Өнерлі өрге жүзеді» дейді. Сол өнердің ішінде қолөнер мен тігіншіліктің жөні ерекше. Бұл салада шәкірт тәрбиелеп, өзінің шеберлігімен өзгеге үлгі болып жүрген жан – Ерданова Гүлзира Ұлысқызы. Ол бүгінде Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылындағы «Қарақия кәсіптік колледжі» МКҚК-де өндірістік оқу шебері қызметін атқарады.

Гүлзира Ұлысқызы тігін саласына 25 жылдан астам уақыт арнап, болашақ тігіншілерді оқытып, олардың кәсіби тұрғыда шыңдалуына жағдай жасап келеді. «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығы бойынша шәкірт тәрбиелеуде. Ол тек білім беруші ғана емес, нағыз шебер ұстаз ретінде танылған.

Оның еңбегінің нәтижесі – шәкірт жетістіктері. Колледж студенттері республикалық және халықаралық деңгейдегі

Тігін өнерінің қыр-сырын меңгерген, шәкіртке үйреткен әрбір ісі – ұлттық өнерді жаңғыртуға қосылған үлес. Оның қолынан шыққан әр туындысы мен шәкірттерінің жетістігі – шебердің табандылығы мен еңбегінің айғағы.

Бүгінде, Гүлзира Ұлысқызы – тігін саласында шәкірт тәрбиелеп жүрген, қолөнердің құдіретін дәріптеген еңбек адамы. Оның мақсаты – жастарды өнерге баулу, кәсіби маман дайындау және қазақтың тігін өнерін заманауи деңгейде дамыту. Ол өзі марапатталған «Ұлы дала ұстазы» деген атаққа кір келтірмей жүрген ұлағатты ұстаз.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Sherqala Petroleum» ЖШС келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды: «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік-экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары», «Солтүстік Придорожное кен орнындағы қайта ашу және бүйірден кесудің техникалық» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 43°31'6", ШБ 51°59'20"

Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 7 қараша сағат 16:30-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, с. Жетібай, мәдениет үйінде өтеді.

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/88514958918?pwd=ffkBXyRtHtb0g850bbuP3Fxl6gPtZE.1>

Идентификатор конференция: 885 1495 8918

Код доступа: tLuj3U

Тұтынушы: «Sherqala Petroleum» ЖШС, Ақтау қаласы, 9А шағын аудан, ғимарат 7/1, БЦ «K7 GROUP», каб. 201, тел: 87004308075. БСН 140940016254

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй, ғимарат 21, тел: 87014848005. БСН 100740003476

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекен-жайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Sherqala Petroleum» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ; «Программа управления отходами», «Программа производственного экологического контроля», «План природоохранных мероприятий», Раздел охраны окружающей среды (РООС) к техническому проекту на реконструкцию, боковую нарезку ствола скважины месторождения Северное Придорожное ТОО «Sherqala Petroleum».

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: СШ 43°31'6", ВД 51°59'20"

Слушания состоятся: 7 ноября 2025 года в 16:30 часов

Место проведения: Мангистауская область, Каракинский р-н, с. Жетібай, дом культуры

Платформа ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/88514958918?pwd=ffkBXyRtHtb0g850bbuP3Fxl6gPtZE.1>

Идентификатор конференция: 885 1495 8918

Код доступа: tLuj3U

Заказчик: ТОО «Sherqala Petroleum», г. Ақтау, 9А мкр. здание 7/1 БЦ «K7 GROUP», каб. 201, моб. тел 87004308075. БИН 140940016254

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», г. Ақтау, 17 микрорайон, 20 дом, 21 офис, тел: 87014848005. БИН 100740003476

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы:

too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МНО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№426

Меншік иесі: MAŃGYSTAÝ MEDIA Директор – Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34 mangystau.media@mail.ru	Қарақия АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13357-Г куәлігі берілген. Редактор – Ш.КЕНДІН	Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Беттеуші дизайнер – С.НҰРЖАНОВ. «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005. Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел. 8 7122 458-660, 586-392. Тапсырыс: 1156	Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтеме-сіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұны-на редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. Таралымы: 356. Индекс: 65681. газеттің бағасы келісімді.	АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ 3 ҚАЗАН түнде: +10 күндіз: +19 4 ҚАЗАН түнде: +10 күндіз: +21 5 ҚАЗАН түнде: +9 күндіз: +19 6 ҚАЗАН түнде: +9 күндіз: +19 7 ҚАЗАН түнде: +10 күндіз: +21
---	---	---	---	---